

М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университетінің Басқарма Төрағасы-
ректор, б.ғ.к., профессор Н.Х.Серғалиев

« _____ » _____

**«КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: КӘСІБИ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН КӨШБАСШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАР»**
тақырыбында кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының
бағдарламасы

«Тіл, әдебиет және ақпарат» білім беру бағдарламасының жетекшісі,
аға оқытушы, магистр Ж.Ө. Мұханбетова,
аға оқытушы, п.ғ.к. С.М. Сатағалиева,
аға оқытушы, магистр А.С.Аханова,
аға оқытушы, магистр М.А.Насырова

Орал, 2025

Мазмұны

- 1 Жалпы ережелер
- 2 Глоссарий
- 3 Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелер
- 4 Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны
- 5 Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі
- 6 Оқу үдерісін ұйымдастыру
- 7 Оқыту нәтижелерін бағалау
- 8 Курстан кейінгі қолдау
- 9 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Мекеме алдына қойылған міндеттерді тиімді шешу тек білікті мамандардың қолынан келеді. Сондықтан кадрларды дамытуға, оларды жүйелі түрде оқытуға, кәсіби деңгейін арттыруға және кітапханалық қызметтің барлық аспектілері бойынша жұмыстың сапасын жақсартуға барынша күш салу қажет.

Қоғамның жедел дамуы, цифрландыру мен ақпараттық технологиялардың кеңінен енгізілуі аясында қазіргі кітапхана мамандарына қойылатын талаптар да үнемі артып келеді. Бұл жағдай Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы мен білім беру мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген адами капиталды дамыту, білім беру ресурстарының қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру бағыттарымен толық үндеседі. Сонымен қатар, кітапхана ісін дамытудағы жаһандық трендтер – цифрлық трансформация, инклюзия, өмір бойы білім алу, ақпараттық сауаттылық пен деректермен жұмыс істеу қабілеті сияқты дағдыларға басымдық береді.

Кітапханашы кадрлардың құзыреттілігін арттырудың тиімді кешенді жүйесінің жұмыс істеуі – инновациялық ойлайтын мамандардың кәсіби білім, іскерлік және дағдылар жиынтығын заманауи кітапхана ісін дамыту міндеттеріне сәйкестендіруге, олардың келешегі бар қызметке ынталануына мүмкіндік береді. Бұл жүйе халықаралық тәжірибе мен ЮНЕСКО, IFLA (Халықаралық кітапханалық қауымдастықтар федерациясы) сияқты ұйымдардың ұсынымдарына сай, үздіксіз кәсіби даму принциптерін басшылыққа алады.

Осы мақсатта әзірленген кітапхана мамандарына арналған «Кітапханалардың цифрлық трансформациясы: кәсіби құндылықтар мен көшбасшылық дағдылар» атты біліктілікті арттыру және кәсіби дамытудың бағдарламасы – әртүрлі кәсіби дайындық деңгейіндегі кітапхана қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруды көздейді. Бағдарлама бұрыннан бар білімді кеңейту мен тереңдетуге, сондай-ақ жаңа цифрлық дағдылар мен пайдаланушыға бағдарланған заманауи жұмыс тәсілдерін меңгеруге бағытталған.

Цифрлық трансформация кітапханалық процестерді автоматтандырумен, электронды ресурстар мен деректер базасын тиімді пайдаланумен, жасанды интеллект элементтерін енгізумен, қашықтықтан қызмет көрсету мәдениетін дамытумен тығыз байланысты.

Сондықтан бұл бағдарлама кітапханашылардың кәсіби құндылықтарын сақтай отырып, жаңа технологияларды меңгеру, инновациялық ойлау мен көшбасшылық дағдыларды жетілдіру қажеттілігін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде тыңдаушылар заманауи цифрлық кітапхананың миссиясын терең түсініп, өз ұйымының стратегиялық дамуына үлес қоса алатын, кәсіби тұрғыда бәсекеге қабілетті мамандар ретінде қалыптасады.

2 ГЛОССАРИЙ

Кітапханалардың цифрлық трансформациясы	кітапханалардың дәстүрлі қызметтерінен цифрлық, креативті және қоғамға бағытталған жаңа форматтарға көшу үдерісі.
Инновация	жаңалық енгізу, кітапхана қызметінде тиімді, заманауи шешімдерді жүзеге асыру.
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)	ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тарату үшін қолданылатын заманауи технологиялар жиынтығы.
Цифрландыру	ақпаратты цифрлық форматқа көшіру және оны цифрлық құрылғылар арқылы пайдалану үдерісі.
Библиографиялық мәліметтер	кұжаттар туралы жүйеленген сипаттама, оларды табу мен тануға мүмкіндік береді.
Қашықтан қолжетімділік	пайдаланушының кітапхана ресурстарына интернет арқылы кез келген жерден қол жеткізе алу мүмкіндігі.
Кітапхана қызметтерін персонализациялау	пайдаланушының жеке қажеттілігі мен қызығушылығына сәйкес қызмет түрлерін бейімдеу.
Мультимедиалық ресурстар	Бейне, аудио, анимация және басқа да визуалды/дыбыстық ақпаратты қамтитын материалдар.
Электронды кітапхана	цифрлық форматтағы ақпараттық ресурстар жинақталған және пайдалануға берілген электрондық ақпараттық жүйе.
Open Access (Ашық қолжетімділік)	ғылыми және білім беру контентінің еркін және тегін таралу қағидатына негізделген модель.
Кітапханалық-ақпараттық қызмет	қолданушылардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған кәсіби қызмет түрі.
Рефлексия	жеке тәжірибе мен оқу нәтижелерін саралау, бағалау және түсіну үдерісі.
Бірлескен оқыту (Collaborative learning)	тыңдаушылардың бірлесе жұмыс істеп, бір-бірінен үйренуіне негізделген оқыту әдісі.
Пайдаланушы тәжірибесі (User Experience - UX)	қолданушының кітапхана қызметімен өзара әрекеттесу сапасын сипаттайтын көрсеткіш.
Жасанды интеллект (ЖИ)	компьютерлік жүйелердің адам интеллектісіне ұқсас қызметтерді (талдау, шешім қабылдау, үйрену) орындау қабілеті.

3 БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ, КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Бағдарламаның мақсаты:

Кітапхана қызметкерлерінің цифрлық трансформация жағдайында заманауи кітапхана ісінің талаптарына бейімделуін қамтамасыз ету, кәсіби құндылықтарды нығайту және көшбасшылық дағдыларды жетілдіру арқылы инновациялық ойлау мен цифрлық сауаттылыққа негізделген кәсіби құзыреттерді жан-жақты дамыту.

Міндеттері:

- Кітапханалар жұмысындағы заманауи талаптарға сай кәсіби құзыреттілікті арттыру, білімді өзектендіру: жаңа кітапханалық терминология мен кітапхана стандарттарын меңгеру;
- Біліктілікті арттырудың көпдеңгейлі жүйесін пайдалану: оффлайн және онлайн форматтарындағы белсенді оқыту түрлері;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану және дамыту арқылы кітапхана мамандарының біліктілігін арттыру;
- Біліктілікті арттыру қызметінде әртүрлі және бірін-бірі толықтыратын инновациялық жұмыс түрлері мен әдістерін қолдану;
- Кітапхана қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі зияткерлік және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру мен өзін-өзі дамытуға жағдай жасау.

Күтілетін нәтижелер:

Осы бағдарламаны іске асыру мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- Цифрлық трансформацияның мәні мен маңызын және оның заманауи кітапхана ісіне ықпалын түсінеді;
- Біліктілікті арттырудың үздіксіз процесі мен білім, білік және дағдыларды игерудің сараланған тәсілі арқылы инновациялық оқыту формалары мен әдістерін енгізу негізінде кітапхана мамандарының кәсібилік деңгейін арттырады;
- Көшбасшылық және басқарушылық дағдыларды кітапхана ұжымында және кәсіби қауымдастықтарда қолдану жолдарын игереді;
- Пайдаланушыға бағдарланған қызмет моделін жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттерді жетілдіреді;
- Инновациялық ойлау мен шығармашылық тәсілдерді кәсіби тәжірибеде тиімді қолданады;
- Өз қызметінде қоғамның ақпараттық, білім беру және мәдени қажеттіліктерін ескеріп, сапалы кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсете алады;
- Өздігінен білім алу мен үздіксіз кәсіби дамуға ұмтылады.

4 БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

№	Тақырыбы	Қарастырылатын мәселелер	Сағат саны	Оқыту формалары
Модуль 1. Қазіргі кітапхана ісі және кәсіби күзіреттер				
1	Кіріспе: Курстың мақсаты, міндеттері, құрылымы.	Бұл курс кітапханатану ғылымының қазіргі даму бағыттарын, заманауи үрдістер мен халықаралық тәжірибелерді түсінуге бағытталған. Негізгі басымдық – кітапхана ісіндегі инновация, цифрландыру, кәсіби құзыреттілік және мәдени-ағартушылық қызмет мәселелерін кешенді қарастыру	2	Дәріс
2	Кітапханалардың даму үрдістері: Қазақстан мен әлем тәжірибесі	Кітапханалардың тарихи даму кезеңдері: дәстүрлі, ақпараттық және инновациялық кезеңдер. XXI ғасырдағы кітапханалардың жаңа миссиясы — білім мен мәдениетті сақтаушыдан ақпараттық және коммуникациялық кеңістікке айналуы. Қазақстандағы кітапхана жүйесінің қазіргі жай-күйі: ұлттық, аймақтық, жоғары оқу орындары кітапханаларының даму бағыттары. Әлемдік тәжірибе: АҚШ, Финляндия, Жапония, Корея және Еуропа елдеріндегі кітапханалардың инновациялық қызметі.	5	Дәріс + пікірталас

		Жаңа үрдістер: цифрландыру, ашық қолжетімділік (Open Access), смарт-технологиялар, виртуалды және гибриді кітапханалар. Қазақстан кітапханаларының даму стратегиясы әлемдік тәжірибемен үйлесуі, интеграция және инновация жолдары.		
3	Кітапхана ісіндегі кәсіби стандарттар және құзыреттер	Кітапханашының кәсіби қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері. Кітапхана маманына қойылатын кәсіби стандарттар мен этикалық талаптар. Құзыреттілік ұғымы: кәсіби, коммуникативтік, ақпараттық, әлеуметтік және зерттеу құзыреттері. Халықаралық және ұлттық кәсіби стандарттар (IFLA, UNESCO, ҚР БҒМ кәсіби стандарттары). Болашақ кітапханашының бейнесі: көпфункционалды, цифрлық сауатты, медиа және ақпараттық мәдениетті тұлға. Кітапхана кадрларын даярлау және үздіксіз кәсіби даму жүйесі.	6	Дәріс + кейс-талдау
4	Жаңа кітапханалық терминология	Термин және терминология ұғымдары.	4	Семинар

		<p>Кітапханалық терминологияның ғылым ретінде қалыптасуы.</p> <p>Қазіргі кезеңдегі кітапханалық терминдердің ерекшелігі.</p> <p>Цифрландыру дәуіріндегі терминдердің пайда болу себептері.</p> <p>Кітапханатану саласына енген жаңа терминдер мен түсініктер.</p> <p>Цифрлық кітапхана, гибриді кітапхана, репозиторий, мета-деректер, Open Access, RFID, Smart Library, Big Data, AI-технологиялар және т.б.</p> <p>Шетелдік (ағылшын тілді) терминдердің кітапханалық лексикаға енуі. Терминдердің аударылуы, бейімделуі және баламаларын жасау мәселесі.</p> <p>Кітапханалық кәсіби тіл мен термин мәдениеті.</p> <p>Кәсіби коммуникацияда терминдерді дұрыс қолдану.</p> <p>Терминологиялық дәлдік пен бірізділік принциптері.</p> <p>Кітапханалық терминдердің стандартталуы және халықаралық ұйымдардың рөлі.</p> <p>Қазақстанда қабылданған кітапханалық терминдер</p>		
--	--	---	--	--

		<p>жүйесі мен сөздіктер. Заманауи кітапханалық терминологияның даму бағыттары. Ақпараттық қоғам, цифрлық инфрақұрылым және инновация әсері. Терминдердің көпмағыналылығы мен трансформациялану үрдісі. Кітапханалық терминдерді кәсіби қолдану дағдылары. Практикалық мысалдармен жұмыс (анықтама беру, қызмет түрлерін сипаттау, жобаларды таныстыру кезінде терминдерді пайдалану).</p>		
Модуль 2. Цифрлық кітапхана және инновациялық технологиялар				
5	Кітапханалардың цифрлық трансформациясы: миссиядан қызмет көрсетуге дейін	<p>Цифрлық трансформация ұғымы және оның кітапхана ісіндегі мәні. Кітапхана миссиясының жаңа мазмұны: білім беру, ақпараттық, коммуникациялық және мәдени қызметтің интеграциясы. Цифрлық ресурстарды басқару: электронды каталогтар, деректер базасы, репозиторийлер. Қызмет көрсетудің жаңа форматтары: онлайн-қызметтер, қашықтан тіркелу, виртуалды анықтама, цифрлық көрмелер. Технологиялық инновациялар: жасанды</p>	6	Дәріс + практикалық жұмыс

		интеллект, big data, блокчейн, RFID жүйелері, VR/AR-технологиялар. Цифрлық кітапхана экожүйесі және пайдаланушылармен интерактивті байланыс		
6	Кітапханалардағы цифрландыру және цифрлық ресурстарды басқару	<p>Кітапхана қызметін цифрландырудың мәні мен маңызы.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ақпараттық қоғам жағдайындағы цифрландыру үрдісі; – Кітапхана миссиясының жаңа бағыттары. <p>Цифрлық ресурстардың түрлері мен ерекшеліктері.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Электронды кітаптар, деректер базасы, репозиторийлер, мультимедиалық материалдар; – Ашық білім ресурстары (OER) және Open Access жүйесі. <p>Кітапханалық ақпараттық жүйелер мен платформалар.</p> <ul style="list-style-type: none"> – ИРБИС, КОНА, DSpace, EBSCO, Scopus, Web of Science сияқты жүйелердің қызметі; – Қазақстан кітапханаларында қолданылатын автоматтандырылған жүйелер. <p>Цифрлық ресурстарды басқару сатылары.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ресурстарды таңдау, цифрлау, метадеректермен 	6	Практикалық сабақ

		<p>сипаттау, сақтау және қолжетімді ету;</p> <ul style="list-style-type: none"> – Авторлық құқық және деректер қауіпсіздігі. <p>Пайдаланушыларға цифрлық қызмет көрсету формалары.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Онлайн каталог, виртуалды анықтама, электронды тапсырыс, цифрлық көрме; – Қашықтан оқырманмен жұмыс істеудің тиімді әдістері. <p>Кітапхананың цифрлық инфрақұрылымы мен инновациялық технологиялар.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Бұлттық сақтау (cloud storage), Big Data, жасанды интеллект (AI) және RFID жүйелері. 		
7	Жасанды интеллект және big data: кітапхана саласындағы қолдану мүмкіндіктері	<p>Жасанды интеллект (AI) ұғымы және оның негізгі қағидаттары.</p> <p>Big Data (үлкен деректер) түсінігі және сипаттамалары.</p> <p>Кітапханалық деректердің (оқырман, каталог, статистика, ресурстар) үлкен көлемін өңдеу ерекшелігі.</p> <p>AI мен Big Data технологияларын кітапхана қызметінде пайдалану бағыттары:</p> <p>Пайдаланушы сұранысын талдау және болжау (оқырман мінез-құлқын модельдеу);</p> <p>Автоматтандырылған іздеу жүйелері мен ұсыным</p>	6	Мастер-класс + топтық жұмыс

		<p>(recommendation) алгоритмдері; Электронды каталогты интеллектуалды басқару; Виртуалды анықтама мен чат-бот қызметі; Деректерді өңдеу, индекстеу және семантикалық іздеу жүйелері. Big Data арқылы кітапхана аналитикасы: – Оқырман сұраныстарының статистикалық талдауы; – Ең танымал ресурстарды анықтау; – Кітапхана қорының құрылымын оңтайландыру. AI негізіндегі инновациялық қызмет түрлері: – Автоматтандырылған метадеректер генерациясы; – Цифрлық архивтерде мәтінді тану (OCR) және мазмұнды индекстеу; – Жасанды интеллект негізінде виртуалды кеңесші немесе көмекші құру. Кітапхана жүйелеріндегі қолданылатын заманауи AI құралдары мен платформалар: – ChatGPT, Google Bard, Claude, Copilot, Elicit, Semantic Scholar, т.б. Мәселелер мен этикалық аспектілер: – Деректердің құпиялылығы, авторлық</p>		
--	--	---	--	--

		<p>құқық және қауіпсіздік; – AI шешімдеріне тәуелділік және адами фактордың рөлі. Кітапхана қызметінің болашағы мен трансформациясы: – «Ақылды кітапхана» (Smart Library) тұжырымдамасы; – Кітапханашының жаңа бейнесі: деректер сарапшысы, медиааналитик, цифрлық куратор.</p>		
Модуль 3. Кітапхана менеджменті және кәсіби даму				
8	Кітапханаларда жобалық менеджмент негіздері	<p>Жобалық менеджменттің мәні мен мақсаттары. Кітапхана қызметінде жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру кезеңдері. Кітапханалық жобалардың түрлері (мәдени, білім беру, ақпараттық). Жобаны басқарудағы команда рөлі және тиімді коммуникация. Жобаның нәтижесін бағалау және мониторинг жүргізу әдістері.</p>	4	Тренинг
9	Біліктілікті арттыру және кәсіби дамудың заманауи модельдері	<p>Кітапханашылардың үздіксіз кәсіби даму қажеттілігі. Онлайн және офлайн біліктілікті арттыру платформалары (Coursera, eLibrary, т.б.). Менторлық және коучинг жүйесінің кітапхана саласындағы маңызы.</p>	4	Практикалық сабақ

		Lifelong learning (өмір бойы оқу) тұжырымдамасы. Халықаралық тәжірибе және кәсіби желілерге қатысу		
10	Кітапханадағы пайдаланушымен жұмыстың жаңа формалары (QR, AR, подкаст, интерактивті форматтар)	Кітапхана қызметінде QR-кодтарды қолдану (ақпаратқа жылдам қолжетімділік). AR (Augmented Reality) технологиясы арқылы кітап мазмұнын байыту. Подкасттар мен онлайн трансляциялар арқылы оқырманмен байланыс орнату. Интерактивті форматтағы іс-шаралар: квиз, онлайн-викторина, book challenge. Цифрлық коммуникация мәдениеті және оқырманның цифрлық мінез-құлқы.	5	Практикалық сабақ
11	Кітапханашы имиджі және кәсіби этика	Қазіргі заманғы кітапханашының кәсіби бейнесі мен құзыреттері. Кітапханашының жеке имиджі мен кәсіби беделін қалыптастыру жолдары. Кітапханалық қызметтегі этикалық қағидалар (құпиялылық, әділдік, сенім). Қарым-қатынас мәдениеті және қызмет көрсету әдебі. Кәсіби этика мен әлеуметтік жауапкершілік арасындағы байланыс.	4	Тәжірибелік семинар
Модуль 4. Кітапхананың мәдени-коммуникациялық қызметі				
12	Мәдени-ағартушылық	Кітапхананың мәдени-	6	Дәріс +

	<p>жобалардағы кітапхананың орны</p>	<p>ағартушылық қызметінің мәні мен бағыттары. Қоғамдық мәдениет пен рухани мұраны насихаттаудағы кітапхананың рөлі. Мәдени жобалар түрлері: әдеби кештер, поэзия сағаттары, арт-көрмелер, буктрейлерлер, оқырман клубтары, шығармашылық шеберханалар. Кітапхананың мәдени серіктестері: мектеп, жоғары оқу орны, мұражай, театр, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар. Қазіргі үрдістер: жастармен жұмыс, инклюзивті мәдени жобалар, этномәдени бағыттағы бастамалар. Қазақстан кітапханаларының табысты мәдени-ағартушылық жобалары (мысалы: «Оқитын ұлт», «Кітапханадағы түн», «КітапFest»).</p>		талқылау
13	<p>Кітапханада әлеуметтік желілер мен медиакоммуникацияны тиімді пайдалану</p>	<p>Кітапхананың әлеуметтік желілердегі рөлі мен маңызы (Facebook, Instagram, TikTok, Telegram т.б.). Кітапхана имиджін қалыптастырудағы SMM стратегиялары. Контент түрлері: ақпараттық пост, бейнеролик, онлайн эфир, сторис, челлендж. Медиакоммуникация</p>	3	Практикалық сабақ

		және аудиториямен кері байланыс орнату тәсілдері. Кітапхана брендингі және медиа сауаттылықтың артуы. Әлеуметтік желілер арқылы оқырман белсенділігін арттыру әдістері. Практикалық мысалдар: кітапханалардың табысты онлайн жобалары.		
14	Кітапхана мамандарының шығармашылық әлеуетін дамыту	Шығармашылық әлеует ұғымы және оның кәсіби дамудағы орны. Кітапханашының креативті ойлау қабілетін арттыру тәсілдері. Инновациялық идеяларды жобалық қызметке енгізу жолдары. Мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастырудағы шығармашылық көзқарас. Креативті орта құру: командалық жұмыс пен идеялармен алмасу. Заманауи технологияларды шығармашылықпен қолдану (бейнеролик, подкаст, инфографика). Кәсіби мотивация және өзін-өзі дамыту әдістері	3	Тренинг
15	Қорытынды: білімді бағалау, кері байланыс, рефлексия	Тақырыпты меңгеру деңгейі; Пікірталас пен талдау дағдылары; Жеке және топтық	8	жоба қорғау+кері байланыс

	<p>тапсырмаларды орындау сапасы;</p> <p>Инновациялық идеялар мен креативті ойлаудың көрінісі. «Не ұнады?», «Нені түсіну қиын болды?», «Қандай жаңа нәрсе үйрендің?» деген сұрақтар арқылы кері байланыс алу.</p> <p>Padlet, Mentimeter, Google Forms сияқты онлайн құралдарды пайдалану. Өзіндік ой-толғаныс және кәсіби даму тұрғысынан сабақ нәтижелерін бағалау.</p> <p>Рефлексия түрлері: жазбаша эссе, пікір парағы, ауызша талқылау, визуалды mind-map.</p> <p>Курстың мазмұны мен әдістемесіне қатысты тыңдаушылардың ұсыныстары мен ой-пікірлерін жинақтау.</p>		
Барлығы		72	сағат

Курс модульдерінің мазмұны:

Модуль 1. Қазіргі кітапхана ісі және кәсіби құзыреттер

Тыңдаушыларды кітапханалардың ақпараттық дамуының қазіргі кезеңдегі негізгі стратегиялық бағыттарымен; ақпараттық ресурстардың түрлерімен; электрондық құжаттар мен деректер базасының түрлерімен; кітапхана қызметінде ең көп қолданылатын телекоммуникациялық құралдар мен мультимедиалық технологиялардың мүмкіндіктерімен; бағдарламалық қамтамасыз етуді жіктеу, орнату және сүйемелдеу ерекшеліктерімен, сондай-ақ компьютерлік желілердің түрлерімен; автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық жүйелердің (АКАЖ) негізгі қасиеттері мен сипаттамаларымен; желілік өзара әрекеттесу түрлері мен ережелерімен; әртүрлі автоматтандырылған жұмыс орындарының (АЖО) қызмет ету

ерекшеліктерімен; web-құжаттарды әзірлеу қағидаттарымен және басқа да өзекті мәселелермен таныстырады.

Модуль 2. Цифрлық кітапхана және инновациялық технологиялар

Тыңдаушыларды кітапханалардың цифрлық трансформациясының мазмұны мен қазіргі кезеңдегі негізгі бағыттарымен; кітапхана қызметін жетілдірудегі инновациялық технологиялардың рөлімен; цифрлық ресурстарды қалыптастыру, сақтау және басқару тәсілдерімен; электрондық кітапханалар мен мәліметтер базасын ұйымдастыру принциптерімен; жасанды интеллект (AI) және Big Data технологияларын кітапхана саласында қолдану мүмкіндіктерімен; цифрлық сервистер мен онлайн-қызмет түрлерін дамыту әдістерімен; деректердің қауіпсіздігі мен авторлық құқықты қорғау қағидаттарымен; сондай-ақ цифрлық инфрақұрылымды жетілдірудің заманауи тәсілдерімен таныстырады.

Модуль 3. Кітапхана менеджменті және кәсіби даму

Тыңдаушыларды кітапхана ісін басқарудың өзекті тәсілдерімен және оны ұйымдастырудың экономикалық негіздерімен таныстырады; мемлекеттік құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесімен; кітапханадағы есепке алу, есептілік пен жоспарлау әдістемесімен; қаржыландыру көздерімен; маркетингтік қызмет мәселелерімен; жарнамалық қызметтің заманауи бағыттары мен түрлерімен; заманауи кітапхананың заңнамалық базасымен; персоналды басқару қағидаттарымен, сондай-ақ кадрлық, ақпараттық, техникалық және құқықтық қамтамасыз ету жүйесімен; ұжымдағы қақтығыстар түрлері мен оларды шешу жолдарымен және т.б. таныстырады.

Модуль 4. Кітапхананың мәдени-коммуникациялық қызметі

Тыңдаушыларды мәдени-ағартушылық қызметінің өзекті бағыттары мен түрлерімен; кітапханада мәдени-тынығу іс-шараларын әзірлеу мен өткізу әдістемесімен, соның ішінде сценарий жазу үдерісімен; іс-шараларды көркем безендірудің заманауи тәсілдерімен; сөйлеу мәдениетінің ең өзекті қырларымен; әртүрлі пайдаланушылар топтарымен жұмыс істеуге арналған мәдени-тынығу іс-шараларын өткізудің инновациялық кітапханалық технологияларымен және т.б. таныстырады.

5 БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

1. Нормативтік-құқықтық және әдістемелік негіздер:

- ҚР ҒЖЖБМ 20.07.2022 ж. №2 бұйрығы бойынша бекітілген жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» заңы – 2006 жылғы 15 желтоқсан (№207-III);

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы – 2007 жылғы 27 шілде (№319-III);
- ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің кітапхана қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілері (2006 жылдан бастап, өзекті редакцияларымен);
- Ресей Федерациясы Еңбек министрлігінің кәсіби стандарты: «Кітапхана-ақпараттық қызмет маманы» – №527н, 2022 жылғы 14 қыркүйек;
- Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары – ҚР СТ ISO сериялары (ақпараттық және кітапханалық қызмет саласы бойынша, 2016–2023 жж. аралығында қабылданған);
- Халықаралық кітапханалық стандарттар мен ұсынымдар – ISO (International Organization for Standardization), IFLA (International Federation of Library Associations and Institutions) ұсынымдары мен нұсқаулықтары (соңғы редакциялары: 2019–2023 жж.).

2. Негізгі оқу құралдары мен әдебиеттер:

1. Асанова, Б.С. Құжаттарды аналитикалық-синтетикалық өңдеу: Оқу құралы/ Б.С.Асанова – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 162 б.
 2. Алешин, Л. М. Автоматизация в библиотеке: Учебн. пособие/Л. М. Алешин.- Ч.1.-МГУКИ. — М.: Профиздат, 2021. — 176 с.
 3. Алтухова, Г.А. Профессиональная этика библиотекаря: Учеб. пособие. 2-е изд., испр. и доп. — М.: Изд-во МГУКИ, 2000. - 112 с.
 4. Мусаева, С.Т. Кітапханалық менеджмент: Оқу құралы// С.Т. Мусаева/ Алматы: Эверо, 2020. – 176 б.
 5. Наурызбаева, Г.А. Кітапхана ісі тарихы: Оқу құралы/Г.А. Наурызбаева.- Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2022.-258б.
 6. Наурызбаева, Г. А. Кітапханатануға кіріспе : оқу құралы / Г. А. Наурызбаева. - Алматы : ADAL КІТАП, 2022. - 159 б.
 7. Раймбекова, М.Т. Кітапхана каталогтары: Оқу құралы/ М.Т.Раймбекова. - Алматы: Қазақ университеті, 2018 - 210 б.
 8. Рахматуллаев, М.А. Обеспечения автоматизированных информационных библиотечных систем. – Ташкент, 2018.-134 с.
 9. Российское библиотековедение: XX век. Направления развития, проблемы и итоги: Опыт монографического исследования / Сост. Ю.П. Мелентьева. — М.: ФАИР-ПРЕСС, Пашков дом, 2003. — 429 с.
 - 10.Сакова, О.Я. Аналитико-синтетическая переработка информации. Библиографическое описание информационных ресурсов: Учебное пособие для вузов/ О. Я. Сакова. -2-е изд. - Москва: Издательство Либерея, 2022; Кемерово: Кемеров. гос. ин - т культуры, - 123 с .
- ## 3. Цифрлық ресурстар мен онлайн платформалар:
- Қазақстан Ұлттық электрондық кітапханасы (www.kazneb.kz)
 - IFLA Library Map of the World – халықаралық тәжірибе
 - Open Library, Google Scholar, SpringerLink – ғылыми зерттеулерге қол жеткізу

- Coursera, Stepik, EDX платформаларындағы кітапхана ісі және цифрлық трансформация бойынша курстар
 - ChatGPT, Bard, Copilot – ЖИ құралдарын үйрену мен қолдануға арналған платформа
4. Оқу процесін ұйымдастыру құралдары:
- Презентациялар мен бейнесабактар (PowerPoint, Canva, Screencast құралдарында дайындалған)
 - ЖИ құралдары мен платформалары
 - Оқу-әдістемелік нұсқаулық (әр модуль бойынша тапсырмалар мен тест сұрақтары)
 - Практикалық және жобалық жұмысқа арналған тапсырмалар жинағы
 - ЖИ негізіндегі кітапхана қызметіне қатысты тренинг сценарийлері
 - Қатысушылар портфолиосын бағалау критерийлері

6 ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқыту курсы оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес оффлайн оқыту режимінде 72 сағат, оның ішінде дәріс – 25 сағат, практикалық – 39 сағат, жоба қорғау – 8 сағат көлемінде ұйымдастырылады. Курс ұзақтығы – 2 апта.

Оқу процесі тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерін жетілдіру, цифрлық технологияларды меңгеру және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сабактар оқу кестесіне сәйкес бекітілген аудиторияларда өтеді.

Дәріс сабақтарында тыңдаушыларға заманауи кітапхана ісіндегі цифрландыру үрдістері, инновациялық ақпараттық жүйелер, кітапханалардың әлеуметтік-мәдени миссиясы мен кәсіби стандарттар түсіндіріледі.

Практикалық сабақтарда нақты мысалдар, кейс-талдаулар, жобалық тапсырмалар мен топтық жұмыстар орындалады. Тыңдаушылар цифрлық ресурстармен жұмыс істеу, медиа және коммуникациялық технологияларды қолдану, кітапхана қызметін жобалық менеджмент негізінде ұйымдастыру дағдыларын меңгереді.

Оқыту әдістері мен форматтары:

- интерактивті дәрістер мен тренингтер;
- топтық және жеке жобалар;
- «миға шабуыл», пікірталас, рөлдік ойындар;
- бейнематериалдар мен презентациялар талдауы;
- тәжірибелік жағдайларды шешу (case-study).

Сабақ барысында тыңдаушылардың белсенді қатысуы мен тәжірибелік дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады.

Курс соңында тыңдаушылар «Жоба қорғау» форматында өздерінің кәсіби жұмыс тәжірибесіне негізделген жобалық жұмыстарын ұсынады.

Жоба қорғау нәтижелері бойынша тыңдаушыларға біліктілікті арттыру туралы сертификат беріледі.

7 ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Курста тыңдаушыларды бағалау – олардың оқу үдерісіндегі белсенділігі мен оқу мақсаттарына қол жеткізу деңгейін анықтауға бағытталған маңызды құрамдас бөлік. Бағалау жүйесі тыңдаушылардың теориялық білімін, практикалық дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін жан-жақты айқындауға мүмкіндік береді.

Бағалау бірнеше кезеңнен тұрады:

Аралық (формативті) бағалау – тыңдаушылардың әр сабақтағы белсенділігі, тапсырмаларды уақтылы және сапалы орындауы, пікірталастар мен топтық жұмыстарға қатысуы ескеріледі. Бұл кезеңде кері байланыс беру арқылы оқу процесін түзетуге мүмкіндік жасалады.

Қорытынды (жиынтық) бағалау – курс соңында тыңдаушылардың жалпы білім деңгейін, жобалық немесе шығармашылық жұмыс нәтижелерін, рефлексиясын және тест немесе қорытынды емтихан нәтижесін бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Бағалау критерийлері нақты, әділ және айқын болуы тиіс. Әрбір тыңдаушы өзінің оқу нәтижелерін, жетістіктері мен жетілдіру қажет тұстарын анықтай алатындай деңгейде ақпарат алады.

Осылайша, курста тыңдаушыларды бағалау жүйесі оқыту сапасын арттыруға, кәсіби даму мен өзіндік білім жетілдіру дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Бақылау және бағалау құралдары:

- Аралық бақылауға арналған тест тапсырмалары
- Практикалық дағдыларды бағалау парақтары
- Қорытынды рефлексия және портфолио қорғау форматтары
- Кері байланыс сауалнамасы (тыңдаушылар мен оқытушылар үшін)

Өзін-өзі бағалау критерийлері:

- 90–100 балл – жоғары деңгей: курс мазмұнын толық меңгерген, кәсіби тұрғыда дайын
- 70–89 балл – жақсы деңгей: негізгі білім мен дағдыларды жақсы меңгерген
- 50–69 балл – орташа деңгей: қосымша тәжірибе қажет
- 0–49 балл – төмен деңгей: білімді толықтыру ұсынылады

Оқу нәтижелерін бағалау:

1. Тест тапсырмалары мен викториналар

- Мақсаты: теориялық білімді тексеру.
- Форматы: көп таңдаулы сұрақтар, дұрыс-бұрыс анықтау, сәйкестендіру, ашық сұрақтар.
- Құралы: Google Forms, Kahoot, Moodle.

2. Портфолио әдісі

- Мақсаты: білім алушының курстың барлық кезеңінде орындаған жұмысын жүйелеу, өсу траекториясын көру.
- Құрамы: жобалар, презентациялар, рефлексиялық жазбалар, эсселер, фото/видео есептер.

3. Жоба қорғау (Project-based assessment)

- Мақсаты: білім мен дағдыны нақты міндеттерге қолдану қабілетін бағалау.
- Форматы: кітапхана қызметіне қатысты мини-жоба, іс-шара сценарийі, цифрлық өнім, PR-жоспар жасау.
- Бағалау өлшемдері: мазмұн өзектілігі, құрылым, инновация, қолданбалы маңыз, рәсімдеу.

4. Рефлексия (өз ой-толғамын білдіру)

- Мақсаты: тыңдаушының оқу барысында алған әсерін, түсінгенін, қиындықтарын және даму бағыттарын анықтау.
- Форматы: жазбаша эссе, бейне/аудио пікір, рефлексиялық күнделік.
- Бағалау өлшемдері: шынайылық, өзіндік тұжырым, тәжірибеге байланыс.

5. Практикалық жұмыс / Симуляция

- Мақсаты: нақты кәсіби жағдайда әрекет ету қабілетін бағалау.
- Мысалы: ақпараттық сұранысқа жауап дайындау, виртуалды көрме жасау, пайдаланушыға қызмет көрсету моделін көрсету.

6. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау (Peer & Self-assessment)

- Мақсаты: білім алушының өз білімін, қатысу белсенділігін, кәсіби дағдысын бағалауға үйрету.
- Құралы: бағалау парағы, балдық жүйе, бағалау критерийлер кестесі.

7. Кейс-талдау

- Мақсаты: нақты жұмыс жағдаятын талдау арқылы шешім қабылдау дағдыларын бағалау.
- Форматы: топтық немесе жеке түрде нақты мысалмен жұмыс жүргізу.

Бағалау түрлерін үйлестіру ұсынысы:

<i>Бағалау әдісі</i>	<i>Курстың қай бөлімінде қолдану тиімді</i>
Тест / викторина	Теориялық модульдерден кейін
Портфолио	Курс соңында
Жобалық жұмыс	Қорытынды кезең
Рефлексия	Әр модульден соң / курс соңында
Практикалық жұмыс	Практикалық бөлімдерден кейін
Өзін-өзі бағалау	Курс соңында, даму динамикасын көру үшін
Кейс-талдау	Қызметтік жағдаяттарға негізделген модульде

8 КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Кітапханашылардың біліктілігін арттыру бағдарламасына сәйкес курстан кейінгі қолдау жүйесі кітапхана қызметкерлерінің кәсіби дамуын жалғастыруға, алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде тиімді қолдануға бағытталған. Бұл қолдау түрі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі №137 бұйрығына (қосымша) сәйкес жүзеге асырылады және төмендегі жүйелі іс-шараларды қамтиды:

○ университет базасында кәсіби белсенділікті арттыру: кітапханашыларды ғылыми-әдістемелік семинарлар, дөңгелек үстелдер, шеберлік сабақтары, конференциялар мен кәсіби байқауларға қатыстыру, сондай-ақ баспа басылымдары мен электронды платформаларда мақалалар жариялауға қолдау көрсету;

○ практикалық тәжірибе мен кері байланыс орнату: инклюзивті білім беру мен цифрлық трансформацияны тиімді ұйымдастыру мәселелері бойынша сауалнама, пікірталас және тәжірибе алмасу кездесулерін өткізу;

○ білім беру бағдарламасын жетілдіру: тыңдаушылардың ұсыныстары мен тәжірибелік қорытындылары негізінде біліктілікті арттыру бағдарламасының мазмұнына түзетулер енгізу;

○ кәсіби қауымдастық құру және үздіксіз қолдау: курстан өткен кітапханашылар арасында кәсіби байланыс желісін қалыптастыру, ортақ тәжірибе алаңын құру және өзара әдістемелік көмек көрсету.

Курстан кейінгі қолдау жүйесі кітапханашылардың кәсіби әлеуетін нығайтып, олардың заманауи кітапханалық ортада көшбасшылық пен инновациялық бағытта әрекет етуіне мүмкіндік береді.

9 ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер:

1. Алешин, Л. М. Автоматизация в библиотеке: Учебн. пособие/Л. М. Алешин.- Ч.1.-МГУКИ. — М.: Профиздат, 2021. — 176 с.
2. Алтухова, Г.А. Профессиональная этика библиотекаря: Учеб. пособие. 2-е изд., испр. и доп. — М.: Изд-во МГУКИ, 2000. - 112 с.
3. Артемьева, Е. Б. Информационно-методическое сопровождение деятельности в сфере непрерывного библиотечного образования [Электронный ресурс] / Е. Б. Артемьева, И. Г. Лакизо // Библиосфера. – 2018.–№4.– С. 39-47. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/informatsionno-metodicheskoe-soprovozhdeniedeyatelnosti-v-sfere-nepreryvnogo-bibliotechnogo-obrazovaniya> (дата обращения: 20.10.2025).
4. Асанова, Б.С. Құжаттарды аналитикалық-синтетикалық өңдеу: Оқу құралы/ Б.С.Асанова – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 162 б.
5. Бабиева, Н. А. Дистанционное библиотечное образование в эпоху глобализации и информационных технологий: опыт и перспективы [Электронный ресурс] / Н. А. Бабиева, Т. И. Ключенко, Ю. Н. Дрешер // Научные и технические библиотеки. – 2018. – № 6. – С. 95-103. – URL: <https://ntb.gpntb.ru/jour/article/view/341/340> (дата обращения: 25.10.2025).
6. Гендина, Н. И. Изменение функций библиотек в эпоху социокультурных трансформаций: социальные риски и проблема выбора ориентиров / Н. И. Гендина, Л. Н. Рябцева // Библиотековедение. – 2018. – Т. 67, № 3. – С. 257-265.

7. Дворкина, М. Я. Разработка национального стандарта «Библиотечно-информационное обслуживание»: проблемы и решения [Электронный ресурс] / М. Я. Дворкина // Библиотековедение. – 2018. – Т. 67, № 4. – С. 367-373. – URL: <https://bibliotekovedenie.rsl.ru/jour/article/view/1176> (дата обращения: 20.10.2025).
8. Журавлева, Т. Библиотека как мир новых возможностей / Т. Журавлева // Библиотечное дело. – 2019. – № 2. – С. 31-36.
9. Инденбом, А. Персональная защита, или Как не допустить утечки информации / А. Инденбом // Библиотека. – 2018. – № 2. – С. 40-42.
10. Кротова, Ю. «Будущее время»: стратегия развития современной библиотечной системы / Ю. Кротова // Библиотечное дело. – 2019. – № 3. – С. 24-27.
11. Лукиных, П. Как применять корпоративную этику в учреждении культуры [Электронный ресурс] / П. Лукиных // Справочник руководителя учреждения культуры. – 2019. – № 4. – С. 106-112. – URL: <https://e.rukulturi.ru/article.aspx?aid=716279> (дата обращения: 27.10.2025).
12. Малахова, М. В. Союз авторских библиотек: идея, идущая от села / М. В. Малахова // Современная библиотека. – 2018. – № 9. – С. 12-13.
13. Малкова, Н. Форсайт-технология как способ заглянуть в грядущее / Н. Малкова // Библиотека. – 2018. – № 6. – С. 12-14.10.
14. Мусаева, С.Т. Кітапханалық менеджмент: Оқу құралы// С.Т. Мусаева/ Алматы: Эверо, 2020. – 176 б.
15. Наурызбаева, Г.А. Кітапхана ісі тарихы: Оқу құралы/Г.А. Наурызбаева.- Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2022.-258б.
16. Наурызбаева, Г. А. Кітапханатануға кіріспе : оқу құралы / Г. А. Наурызбаева. - Алматы : ADAL КІТАП, 2022. - 159 б.
17. Парамонова, И. Е. Традиции и современность в библиотечном образовании [Электронный ресурс] / И. Е. Парамонова, Ю. В. Бабушкин // Научные и технические библиотеки. – 2018. – № 7. – С. 84-95. – URL: <https://ntb.gpntb.ru/jour/article/view/308> (дата обращения: 23.10.2025).
18. Попов, К. Л. RFID–технологии: не просто, но эффективно / К. Л. Попов // Современная библиотека. – 2018. – № 1. – С. 34-36.
19. Раймбекова, М.Т. Кітапхана каталогтары: Оқу құралы/ М.Т.Раймбекова. - Алматы: Қазақ университеті, 2018 - 210 б.
20. Рахматуллаев, М.А. Обеспечения автоматизированных информационных библиотечных систем. – Ташкент, 2018.-134 с.
21. Сакова, О.Я. Аналитико-синтетическая переработка информации. Библиографическое описание информационных ресурсов: Учебное пособие для вузов/ О. Я. Сакова. -2-е изд. - Москва: Издательство Либерейя, 2022; Кемерово: Кемеров. гос. ин - т культуры, - 123 с .
22. Ситникова, Н. Тенденции информационно-библиографического обслуживания в меняющейся социальной среде / Н. Ситникова // Библиотечное дело. – 2019. – № 3. – С. 5-7.

23. Соловьева, Н. Просветительские проекты: новые форматы продвижения книги и чтения / Н. Соловьева // Библиотечное дело. – 2019. – № 3. – С. 8-10.
24. Сукиасян, Э. Р. Новые стандарты 2019 года [Электронный ресурс] / Э. Р. Сукиасян // Научные и технические библиотеки. – 2019. – № 1. – С. 80-85. – URL: <https://ntb.gpntb.ru/jour/article/view/385> (дата обращения: 20.10.2025).
25. Тараненко, Л. Г. Технология создания электронного краеведческого каталога: трансформации в условиях электронной среды [Электронный ресурс] / Л. Г. Тараненко // Научные и технические библиотеки. – 2019. – № 2. – С. 5-17. – URL: <https://ntb.gpntb.ru/jour/article/view/395> (дата обращения: 20.10.2025).
26. Щирикова Л.Д. Библиотечно-информационное обслуживание пользователей в режиме удаленного доступа : учеб.-метод. пособие / Л. Д. Щирикова. – Краснодар : КГИК, 2021. – 62 с.
27. Дворовенко О.В. Технологии создания и внедрения станции самообслуживания пользователей в библиотеку / Дворовенко О. В., Тараненко Л. Г., Смердин А. В. // Научные и технические библиотеки. – 2022. – № 9. – С. 54-68. – Электрон. копия доступна на сайте Электрон. б-ки ГПНТБ. URL: <https://ntb.gpntb.ru/jour/article/view/1008> (дата обращения: 24.10.2025).
28. Савицкая Т.Е. Мобильные технологии в работе библиотек: зарубежный опыт // Научные и технические библиотеки. – 2020. – № 4. – С. 115-130. – Электрон. копия доступна на сайте Электрон. б-ки ГПНТБ. URL: <https://ntb.gpntb.ru/jour/article/view/573> (дата обращения: 24.10.2025).
29. Тикунова И.П. Дистанционные услуги национальных библиотек // Труды ГПНТБ СО РАН. – 2021. – № 1. – С. 80-88. – Электрон. копия доступна на сайте журн. URL: <https://proceedings.gpntbsib.ru/jour/article/viewFile/531/479> (дата обращения: 24.10.2025).
30. Толстоухова И.В. Библиотечное обслуживание молодежи: современные тенденции / И. В. Толстоухова, М. В. Маслакова // Библиосфера. – 2019. – № 1 (январь-март). – С. 71–75. – Электронная копия доступна на сайте Науч. электрон. б-ки «КиберЛенинка». – Электронная копия доступна на сайте Науч. электрон. б-ки «КиберЛенинка». URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/bibliotechnoe-obsluzhivanie-molodezhi-sovremennyye-tendentsii-1> (дата обращения: 23.10.2025).

Қосымша әдебиеттер:

1. Исамадиева, С.А. Историография истории библиотечного дела в Казахстане (1917-1991 гг.): монография/ С.А. Исамадиева. - Алматы: 2021. - 264 с.
2. Колкова, Н.И. Информационное обеспечение автоматизированных библиотечно - информационных систем (АБИС): Учебник для вузов/ Н.И. Колкова, И.Л. Скипор.- 2-е изд. - Москва: Издательство Юрайт, 2022. -355 с.
3. Красильникова И. Ю. Электронный МБА- новые грани межбиблиотечного взаимодействия / Т. Ю. Красильникова, Д. М. Цукерблат // Информ. ресурсы России. – 2020. – № 3. – С. 20–25 ; Список цитируемой лит. [Электронный

ресурс]. – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=42980971> (дата обращения: 20.10.2025).

4. Куфаев, М. Н. Книговедение. Библиографоведение. Избранные работы/ М.Н. Куфаев . -Москва: Издательство Юрайт, 2022. - 175 с .

5. Лысенко Н. Глава 15. Трансформация межрегионального взаимодействия библиотек в условиях цифровизации // Модернизация и трансформация научной деятельности в условиях цифровизации / Науч.-издат. центр «Аэтэрна». – Уфа, 2024. – Вып. 84 / под ред. А. А. Сукиасян. – С. 262–293 ; То же [Электронный ресурс]. – URL: <https://aeterna-ufa.ru/sbornik/KM-84.pdf#page=262> (дата обращения: 27.10.2025).

6. Меркулова, А.Ш. Автоматизированные библиотечно - информационные системы: Учебное пособие для вузов/ А.Ш. Меркулова.-2-е изд. Москва: Издательство Юрайт; Кемерово: Издательство КемГИК, 2022. - 129 с.

7. Савкина С.В. Мультимедийные продукты в библиотечно-информационном обслуживании: отечественный и зарубежный опыт. – DOI 10.20913/1815-3186-2022-2-56-65 // Библиосфера. – 2022. – № 2. – С. 56-65. – Электрон. копия доступна на сайте журнала. URL: <https://www.bibliosphere.ru/jour/article/view/1783/1803> (дата обращения: 27.10.2025).

8. Справочник библиотекаря / Под ред. А.Н. Ванеева, В.А. Минкиной. — СПб.: Профессия, 2000. — 432 с.

9. Штратникова, А.В. Библиография библиографии: учебник для вузов/ А. В. Штратникова. - 2 - е изд. , испр. и доп. - Москва : Издательство Юрайт, 2022. - 141 с.

10. Раковец С.А. Инклюзия в библиотечно-информационном обслуживании на опыте работы национальных библиотек // Библиотека в XXI веке. Молодежный потенциал в науке и практике : материалы XIV Междунар. науч.-практ. конф. молодых ученых и специалистов, Минск, 22 февраля 2023 г. / Нац. акад. наук Беларуси, Центр. науч. б-ка им. Я. Коласа ; редкол.: Л.А. Авгуль (отв. ред.) [и др.] ; сост. Л.А. Авгуль. – Минск, 2023. – С. 215-223. – Электрон. копия доступна на сайте Науч. электрон. б-ки eLibrary.ru. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=67309406> (дата обращения: 24.10.2025).